

## БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

# 1 қыркүйектен бастап оқу жылы жалпы қашықтан оқыту форматында басталады

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.08.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/79156/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

1 қыркүйектен бастап оқу жылы жалпы қашықтан оқыту форматында басталады Орта білім Шалғайдағы елді мекендердегі шағын жинақталған мектептер эпидемиологиялық ахуал жақсы болған жағдайда оқуды дәстүрлі түрде бастайды. Бастауыш сынып оқушылары...

1 қыркүйектен бастап оқу жылы жалпы қашықтан оқыту форматында басталады

## Орта білім

Шалғайдағы елді мекендердегі шағын жинақталған мектептер эпидемиологиялық ахуал жақсы болған жағдайда оқуды дәстүрлі түрде бастайды.

Бастауыш сынып оқушылары үшін, ата-аналардың өтініші негізінде, қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, кезекші сыныптар жұмыс істейтін болады. Бір сыныпта бала саны 15-тен аспауы тиіс.

Кезекші сыныптарға өтініштер электронды түрде (сынып жетекшісі арқылы) қабылданады.

Қашықтан оқыту форматында — 2,6 млн (79%), кезекші сыныптарда — 530 мың (17%), штаттық түрде ауылдарда 157 мыңнан астам оқушы (4%) білім алады деп күтілуде.

## Мектепке дейінгі ұйымдар

Ата-аналардың қалауы бойынша балалар кезекші топтарға қабылданады. Бұл топтарда бала саны 15-тен аспауы тиіс.

## Қосымша білім беру ұйымдары

Балалар ата-аналардың өтініші негізінде қашықтан немесе жеке тәртіппен ұйымдастырылады. Шағын топтардағы бала саны 5-тен аспауы тиіс.

## Арнайы білім беру ұйымдары

Ата-аналардың таңдауы бойынша арнайы онлайн кеңес беру немесе мамандардың жеке қабылдаулары ұйымдастырылады. Денсаулығында күрделі проблемалары бар

балаларды қабылдау алдын ала жазылу тәртібімен жеке жүргізіледі.

@edu\_news\_qz

**КМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.